

### **“Ұлы халықтың - ұлы Абайы” атты әдеби-сазды кеші**

Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерей тойын мерекелеу халықтың тарихи санасына сіңіру және еліміздің рухани мәдениетін жаһандық форматта ілгерілетуге бағытталған Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихындағы маңызды оқиғалардың бірі.

Абай әлем мойындаған дана ұстаз, ақын және адамзаттың данышпаны. Біз Абайдың бойынан табылатын тұлғаға лайықты, мақтан тұтатын рухани тірегіміздің барына алғыс айтуымыз керек. Сол себепті де Абайдың даналығын дәріптеу мақсатында, ҚазБСҚА колледжінде 13.11.19. күні студенттер арасында “Ұлы халықтың - ұлы Абайы” атты әдеби-сазды кеш болып өтті. Кешке студенттер бір кісідей атсалысты. Данышпан Абайдың ұлылығы мен ерекшелігі, табандылық пен мақсаттылықты дәріптеп және оны өз ұлтының санасына енгізе отырып, ұлттық рухты бұрын-соңды болмаған биіктікке көтере алды. Ол біздің жас ұрпаққа үлгі-өнеге. Кеште Абай шығармаларынан сурет салып, көрме өткіздік. Абайдың әндері шырқалып, қара сөздері мен өлеңдері оқылды.





